

ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

«Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы, еңбек жағдайлары, неке қию және тоқтату жолдары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Заңнамамен еңбек жағдайлары қалай реттеледі? Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады? Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен ролі қандай?
Оқу мақсаты	9.4.2.1 ҚР Еңбек кодексінің баптарын негізге ала отырып еңбек жағдайларын анықтау 9.5.2.1 Неке қию және тоқтатылу шарттарын анықтау 9.2.2.2 Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен ролін анықтау
Бағалау критерийі	Білім алушы: - Жұмыскердің еңбек жағдайларын жіктейді - Неке қию және тоқтатылу шарттарын сипаттайды - Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен ролін ажыратады
Ойлау деңгейі	дағдыларының Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут
Тапсырма	

1. ҚР Еңбек кодексіне сай жұмыскердің еңбек жағдайларын кестеде ажыратып жазыңыз.

Тарауға байланысты сипаттамалар

- a) Сынақ мерзімін белгілеуге
- b) Тамақтануға ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын бір үзіліс берілуге
- c) Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға
- d) Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беруге
- e) Еңбек тәртібін сақтауға
- f) Аптасына 24 сағаттан аспайтын жұмыс уақыты болуға
- g) Тамақтануға ұзақтығы үш сағаттан кем болмайтын бір үзіліс берілуге
- h) Еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы толық және анық ақпарат алуға
- i) Аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді

Жауаптары

Еңбек жағдайлары

Жұмыскердің құқығы	Жұмыскердің міндеті	Жұмыскердің аптадағы жұмыс уақыты	Жұмыскердің тынығу уақыты
-----------------------	------------------------	---	------------------------------

2. Неке қиюдың және тоқтатылудың екі жолын көрсетіңіз.

Қандай жағдайда неке қиылады?	Қандай жағдайда неке тоқтатылады.
1	1
2	2

3. Төмендегі жағдайларды оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Ерлі зайыптыларда кәмелетке толмаған екі баласы бар. Күйеуі ұзақ уақыт жоқ болғандықтан, соттың шешімі бойынша оны хабарсыз кеткен деп таныды. Әйелі қалай жәнеқай жерде некені тоқтата алады?

В. 18 жасқа толған Арман 16 жасқа толған Аселмен некеге тұруға АХАЖ бөлімне өтініш жазады, бірақ АХАЖ бөліміндегі қызметкер олардың арызын қабылдамады. АХАЖ органыбөліміндегі қызметкер неліктен арыз қабылдамады?

4. «Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі» кестесіндегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Сайлау дегеніміз		
Қазақстандағы сайлау жүйесі		
Бірінші түрін сипаттаңыз.		Екінші түрін сипаттаңыз.
Сайлаудың рөлі қандай?		Сайлаудың маңызы қандай?